

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ





«Бейбітшілік, әділеттілік және барлық деңгейдегі тиімді, есеп беретін әрі инклюзивті институттар тұрақты дамудың негізі болып табылады».

Тұрақты дамудың 16-мақсаты (ТДМ 16) бейбіт және әділетті қоғам құруға, баршаға сот төрелігіне қолжетімділікті қамтамасыз етуге, тиімді, есеп беретін және инклюзивті институттарды дамытуға бағытталған. Университеттер бұл мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады, өйткені олар құқықтық мәдениетті, азаматтық жауапкершілікті, академиялық адалдық қағидаттарын және жастардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуын қалыптастырады.

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ТДМ 16-ны іске асыруды өзінің білім беру, ғылыми және қоғамдық қызметінің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырады. Университет мемлекеттік органдармен, құқық қорғау құрылымдарымен, қоғамдық ұйымдармен және азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастықты жүйелі түрде дамытып, құқықтық сауаттылықты арттыруға, заңдылықты нығайтуға және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Құқықтық ағарту және құқықтық сауаттылықты арттыру

ТДМ 16-ны іске асырудың негізгі бағыттарының бірі — студенттер мен тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу.

Университетте Қазақстан Республикасының заңнамасы мәселелері бойынша ашық дәрістер, дөңгелек үстелдер, семинарлар, зияткерлік байқаулар және білім беру кездесулері тұрақты түрде өткізіледі.

Маңызды іс-шаралардың қатарында:

- Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Абзал Құспанмен Қылмыстық кодекстің жаңа баптарын түсіндіруге арналған ашық кездесу;
 - 2000-нан астам студенттің қатысуымен өткен «Заң және тәртіп – қауіпсіз болашақ» форумы;
 - жастардың электоралдық мәдениетін қалыптастыру мақсатында Жас сайлаушылар аудиториясының ашылуы;
 - «Жаңа Конституция – жарқын болашақ» гала-концерті;
 - Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерін түсіндіруге арналған іс-шаралар циклі;
 - аға буын азаматтарына арналған «Күміс университет» жобасы аясындағы «Құқықтық сауаттылық» семинары;
 - «Құқықтық мәдениет – келісім мен тұрақтылықтың негізі» атты дөңгелек үстел.
- Өткізілген іс-шаралар жастардың құқықтық санасын қалыптастыруға, заңға және мемлекеттік институттарға деген құрметті арттыруға ықпал етеді.





Құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету



«Заң және тәртіп» қағидаты аясында университет жастар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған кешенді іс-шараларды жүзеге асырады.

Жұмыстың негізгі бағыттары:

- интернет-алаяқтықтың алдын алу;
- киберқылмыстың алдын алу;
- есірткі қылмысының профилактикасы;
- отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл;
- жастар арасындағы қылмыстың алдын алу;
- терроризм мен экстремизмнің алдын алу.

Осы бағыттар бойынша «Абайлаңыз: интернет-алаяқтық», Полиция департаменті өкілдерінің қатысуымен «Заң және тәртіп» кездесулері, заңгер-студенттер арасында құқық бұзушылықтардың алдын алуға арналған іс-шаралар, сондай-ақ террористік қауіп-қатер жағдайындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша кездесулер өткізілді.

Аталған іс-шаралар барысында студенттер заманауи қауіп-қатерлермен, өз құқықтарын қорғау тетіктерімен және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі азаматтардың міндеттерімен танысады.

Адам құқықтарын қорғау және зорлық-зомбылықтың алдын алу

Әйелдердің, отбасының және халықтың осал санаттарының құқықтарын қорғау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Осы бағытта келесі іс-шаралар өткізілді:

- «Әйелдер құқығы – қоғам тұрақтылығының негізі»;
- «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!»;
- «Отбасындағы құқықтық тәрбие».

Кездесулер барысында сталкингке, некеге мәжбүрлеуге, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа және жәбірленушілердің құқықтарын қорғауға қатысты заңнаманың жаңа нормалары қарастырылды. Іс-шараларға полиция қызметкерлері, дағдарыс орталықтарының өкілдері, адвокаттар және заң пәндерінің оқытушылары қатысты. Аталған жұмыстар адам құқықтарын құрметтеу мәдениетін нығайтуға, кемсітушілік пен зорлық-зомбылықтың алдын алуға ықпал етеді.



Мемлекеттік институттармен әріптестікті дамыту



Мемлекеттік органдармен және құқық қорғау құрылымдарымен ынтымақтастық

Тиімді институттарды нығайту мақсатында университет мемлекеттік органдармен және құқық қорғау құрылымдарымен белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

Ынтымақтастық туралы меморандумдар:

- Атырау облысының Әділет департаментімен;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің департаментімен жасалды.

Әріптестік бірлескен іс-шаралар өткізуді, студенттердің практикасын ұйымдастыруды, ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруды, Заң клиникасының қызметін жетілдіруді, сондай-ақ халыққа құқықтық кеңес беруді көздейді. Сонымен қатар университет прокуратурамен, адвокатурамен, нотариаттық қауымдастықпен, сайлау комиссияларымен және өңірдің құқық қорғау органдарымен белсенді ынтымақтастық орнатқан.

Заң клиникасы және сот төрелігіне қолжетімділік

Университеттің ТДМ 16-ны іске асыруға қосатын маңызды үлестерінің бірі — Заң клиникасының қызметі.

Студенттер оқытушылар мен тәжірибелі заңгерлердің жетекшілігімен халыққа тегін құқықтық көмек көрсетеді.

Қоғамдық қабылдауларға:

- прокурорлар;
- полиция қызметкерлері;
- әділет органдарының өкілдері;
- нотариустар;
- адвокаттар;
- сот орындаушылары қатысады.

Заң клиникасының қызметі азаматтардың құқықтық ақпарат пен заңгерлік қызметтерге қолжетімділігін кеңейтуге, сондай-ақ болашақ заңгерлердің практикалық құзыреттерін дамытуға ықпал етеді.



Жастар арасында заңдылық мәдениетін қалыптастыру



Университетте құқықтық ағартудың интерактивті әдістері кеңінен қолданылады. Осы бағытта келесі зияткерлік байқаулар ұйымдастырылды:

- «FUTURE KZ»,
- «Қылмыс формуласы»,
- «Процесс құпиясы»,
- «Адал азамат – салауатты өмір».

Қатысушылар заңнаманы білу деңгейін, құқықтық жағдайларды талдау дағдыларын, логикалық ойлау қабілетін және құқықтық нормалар аясында шешім қабылдау біліктілігін көрсетеді.

Мұндай іс-шаралар құқықтық мәдениетті қалыптастыруға және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттерін дамытуға ықпал етеді.



Академиялық адалдық және институционалдық тұрақтылық

Университет академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі.

Академиялық адалдық лигасы сарапшыларының мониторингтік сапары маңызды оқиғалардың бірі болды. Сапар барысында университеттің ашықтық, адалдық және жауапкершілік қағидаттарын дамыту бағытындағы жұмысының нәтижелері таныстырылды.

Сапар қорытындысы бойынша академиялық адалдық амбассадорларының командасы құрылып, университеттің ішкі саясатын одан әрі жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірленді.





Бейбітшілік, қауіпсіздік және азаматтық жауапкершілік

Университеттің ТДМ 16-ны іске асыруға қосатын үлесі бейбітшілік мәдениеті мен қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған іс-шаралардан да көрініс табады.

Олардың қатарында:

- Олжас Сүлейменовке және «Невада – Семей» антиядролық қозғалысына арналған «Ядролық қарусыздану және қазіргі әлем» ғылыми-практикалық конференциясы;
- тарихи жадыны сақтауға бағытталған іс-шаралар;
- әскери кафедра студенттерінің әскери-оқу практикасы;
- азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді қалыптастыруға бағытталған жобалар.

Аталған бастамалар бейбітшілік, зорлық-зомбылықсыз өмір және халықаралық қауіпсіздік құндылықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті БҰҰ-ның №16 Тұрақты даму мақсаты — «Бейбітшілік, әділеттілік және тиімді институттар» мақсатына қол жеткізуге елеулі үлес қосуда. Университет құқықтық сауаттылықты дамыту, заңдылық қағидаттарын ілгерілету, қоғамдық қауіпсіздікті нығайту және жастар мен мемлекеттік институттар арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қалыптастыру бағытындағы маңызды білім беру және қоғамдық алаң болып табылады. Аталған бастамаларды жүйелі түрде жүзеге асыру құқықтық мемлекетті дамытуға, қоғамдық институттарға деген сенімді нығайтуға және қоғамның тұрақты дамуына үлес қосуға дайын жауапты азаматтарды қалыптастыруға ықпал етеді.

